

Топалов Д., Мырзалиева З.К.

КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢДЕГІ ДІНИ-АТЕИСТИК
ИДЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АХУАЛ

Топалов Д., Мырзалиева З.К.

АТЕИСТИЧЕСКАЯ ИДЕОЛОГИЯ И СИТУАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД
ПЕРВИЧНОЙ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ

D. Topalov, Z.K. Myrzaliev

ATHEISTIC IDEOLOGY AND THE SITUATION IN KAZAKHSTAN IN THE PERIOD
THE PRIMARY SOVIET POWER

УДК :633(2)622-4

Статья посвящена вопросам религиозной политики Советской власти в Казахстане в 20-е годы XX века.

The article is devoted to the religious policy of Soviet power in Kazakhstan in 20 years of the 20th century.

Тәуелсіздік алғалы бері ғана өткен жылдарда отан тарихына жаңаша көзқараспен қарап, ондағы көптеген актандақтарды тарихи объективтілік тұрғысынан қайта қарауға мүмкіндік туды. Осындай, бұрыннан кезегін күтіп жатқан мәселенің бірі, большевиктердің дін саласында жүргізген ұрда-жық саясатының зиянды салдары туралы мәселе еді. Оның ішінде, Қазақстанда жүргізілген діни-атеистік саясаттың негізгі бағыттары қандай болғандығын айқындау енді ғана тарихи эдебиетте қолға алынып отыр. Мақаланы жазудағы негізгі мақсат, осы мәселе төңірегінде ой қозғауға ат салысу.

Большевиктер партиясы орнатқан Кеңес үкіметінің жетекшілікке алған негізгі идеологиясы марксизмнің дінге қатысты ерекше көзқарастар жиынтығы болды. Осы асыра сілтеуге негізделген ерекшеліктерді жүзеге асыру барысында қол жеткен нәтижелердің кейбір бағыттары туралы төменде ой-пікірлер ұсынылады.

Маркстік ғылыми-атеизм дегеніміз дінді дәлелді түрде, ғылыми негізде жоққа шығаратын көзқарастар жүйесі. Алдымен біріне-бірі қарама-қайшы екі түсінік: атеизм және діннің ғылыми анықтамасына, мәніне тоқталсақ. Атеизм грекше - «а» - теріске шығару, шылау және теос - құдай, сөзбе сөз аударғанда -құдайсыздық. Діни түсініктерді (құдайға сенуді, жанның елмейтіндігін, о дүниені, өлгендердің қайта тірілмейтіндігін т.с.с.) және жалпы дінді жоққа шығаратын көзқарастар жүйесі [1,32-33 б]. «Атеизм дегеніміз құдайды теріске шығару арқылы адам болмысына сену» - деді К. Маркс [2,632 б>]. Ал дін -«геішію» - латын тілінен аударғанда ар-намыс пен ұятқа негізделген қатынас; құдайдан қорқу, тақуалық, қасиет пен киелілікті құрметтеу т.б. мағыналарды береді. Мұнан, атеизм түсінігі әлгіндей рухани құндылықты, асыл қасиеттерді жоққа шығарушылық болып тұрғанын көреміз. Большевиктер осы атеизмге идеологиялық үстемдік беріп қойды.

Ерте кезеңдегі дінге қатысты құжаттардан, большевиктердің бағдарламалық темірқазығы болған В.И.Лениннің 1905 жылы жазылған «Социализм и религия» еңбегі атап көрсетпесек Кеңес үкіметінің діни саясатының алғы шарттарын түсіну мүмкін болмақ емес. Онда большевиктік партияның дінге

қатысты саясатының принциптері жасалған. Осылардың ең негізгілеріне тоқталып өтсек:

Біріншіден, аталмыш құжатта дін қаналушылардың қанаушыларға қарсы күресін әлсірететін және элеуметтік теңсіздікті туғызатын рухани отарлаудың қаруы ретінде қарастырылған;

Екіншіден, бұл еңбекте діни сананы және дінді бағындыру міндетті түрде таптық күрес арқылы болатындағы нақтыланған, яғни дінге қарсы күресті социализм үшін күреспен біріктіру керек делінген;

Үшіншіден, большевиктер партиясының көсемі еркіндікті талап етудің саяси тұжырымдамасына және т.б. түсініктеме берген, яғни ешқандай дінді уағыздамау және дінге қарсы үгіт-насихат жүргізу заңдылықтарын түсіндірген;

Төртіншіден, Ленин большевиктер партиясы прессы арқылы кез-келген дінмен халықты элеуметтік теңдікке сендіру және шыдамды түсіндіру секілді идеялық қарумен күресетіні айтылған. Аталмыш тұжырымдамалар кейінірек теорияны практикаға айналдыру эрекеті кезінде тек қағаз жүзіндегі естелік секілді болып қалды. Ал большевиктер идеологиясының негізін қалаған теоретиктің бұлай жұмсаруының себебі, халықты дінге қарсы дайындалған радикалды бағдарламамен шошытып алмас үшін тактикалық қажеттіліктен туған. Бұл тактикаға қатысты большевиктердің өзіндік «революциялық маралы» бар еді. Мұны Ресейдегі пролетарлық революция көсемдерінің бірі Л.Троцкий былай түсіндіреді: «Ленинизм аяғынан басына дейін соғысқа негізделген. Ал соғыс айласыз, қулықсыз, жауды алдамаусыз болмайды. Үнемі жеңіске жетелейтін әскери қулық Лениндік саясатқа өте қажет элемент болып табылады. Соған қарамастан Ленинизм партия мен таптың алдында ең жоғарғы революциялық шындық болып табылады» [3,192 б].

В.И.Ленин пролетарлық партияға қатысты дінді әркімнің жеке ісі деп жариялаған оңшыл оппортунистерге қарсы сөзінде, кеңес адамының дінге қатысы қалай болу керектігін былайша анық түрде жария етеді: «Дін әркімнің жеке басының ісі деп жариялануға тиіс - дағды да социалистердің дінге көзқарастары осылай айтылады. Бірақ, бұл сөздер ешқандай түсініспеушілік туғызбау үшін олардың мағынасын дәлме дәл анықтау керек. Біз мемлекет женінде ғана дін әркімнің жеке басының ісі болуын талап етеміз. ал діннің біздің партиямызға қатысы жөнінде біз оның әкімнің жеке басының ісі деп ешбір санай алмаймыз. Мемлекеттің дінмен жұмысы болмауы, ал діни қоғамдардың мемлекеттік өкіметпен

байланысы болмауы керек. Әркім қалаған дінін ұстауға немесе ешқандай дінді ұстамауға, яғни, әрбір социалистерше атеист болуға ықтиярлы. Бірақ, пролетариат партиясы үшін дін әркімнің жеке басының ісі емес. Біздің партия - жұмысшы табын азат ету жолында күресетін саналы, алдыңғы қатарлы күресушілердің одағы. Мұндай одақ санасыздыққа, қараңғылыққа немесе діни нанымдар сияқты қаратүнек надандыққа немқұрайлы қарай алмайды және олай қарауға тиіс те емес. Діншілдік тұманға қарсы таза идеялық және тек идеялық қару арқылы күресу үшін біз діннің мемлекеттен толық бөлінуін талап етеміз. Ал идеялық күрес біз үшін әркімнің жеке басының ісі емес жалпы партиялық, жалпы пролетариаттық іс» [4, 12 т. 152 б]. Коммунистік партияның манифесінде: «...коммунизм мәңгілік ақиқаттарды жояды, ол дінді...жояды» -делініп әу бастан-ақ дінге қарсы позициясын ашық жариялаған болатын [5, 72 б].

Коммунистік партия дінге қарсы күресте марксизм ілімін басшылыққа алды. Марксизм дінге мейлінше қас. «Біз дінмен күресуге тиіспіз. Бұл - бүкіл материализмнің эліппесі, олай болса, марксизмнің де эліппесі»

Материалистік көзқарас дінді біржолата бекерге шығарады, В.И. Ленин «Социализм - есть религия» деп жар салды. Материализм атеизмнің философиялық негізі болып табылады.

Әу бастан - ақ коммунистік партияның дінге оның ішінде, ерекше мұсылман дініне қарсы ұстанған қатаң позициясын барлық ресми құжаттардан анық көре аламыз. Бұл құжаттар өз кезегінде мемлекеттік атеистік саясаттың исламға қатынасының өзіндік ерекшеліктері болғанын анық байқатады. Сөзіміз дәлелді болу үшін нақты дерекке жүгінетін болсақ: «Коммунизм - деп жазды А.В.Луначарский, - діннің өте қатал жауы, ол дінді ең соңында жойып көмеді, сонда ғана коммунизмге жарқын, бақытты тұрмысын қалыптастыруға мүмкіншілік туады» [6, 287б].

Большевиктер партиясының Ресей мұсылмандарына арналған үндеуде «Сіздердің осыдан бастап діни сенімдеріңізге және әдет-ғұрыптарыңа, ұлттық және мәдени мекемелеріңе бостандық пен дербестік право жарияланады»- деп мәлімделгенімен іс жүзінде олай болмады [7,1 т. 273 б]. ОК РКП(б) 1920 жылы «Шығыс халықтары арасында барлық партия комитеттері мен саяси бөлімдер жұмысы туралы» қаулысы кеңестік биліктің «исламдық факторға» қатынасын айқындап берді. Бұл құжат мұсылман халықтарының діни-ұлттық ерекшеліктеріне қарай олармен қалай жұмыс істеу керектігіне алғышарт жасады. Онда мұсылман халықтарында «діни қалдық күшті сақталып қалған, тіпті олардың өмірінде дін еуропалықтарға, орыстарға қарағанда әлдеқайда берік» - деп көрсетілді. Коммунистер мұсылман қоғамының таптық сипатын дәлелдеу мақсатында халықты сауаттандырып, клуб-мектептер ашып, адам, табиғат туралы санасын кеңейтуде білім беруді жолға қойды. Өздерінің бұл әрекеттерін «Кеңестік құрылыс шеңберінде мұсылман бұқарасының өз ұлттық тағдырын өзі шешуіне жанашырлық көрсетудеміз» деп мәлімдеді [8, 2т. 237 б]. 1920 ж.ж. ортасында

мұсылмандық дәтүр жанданып, әртүрлі мұсылман мекемелері рухани жұмыстар атқарып тұрды. Мұсылмандық шарифат ісі өріс алып, сопылық жолды қуушы мүридтер 500-800-ге дейін барды [9, 89-93 бб].

Сол кездері, яғни 1923 жылы Қазақстанның діни істері Уфадағы орталық діни басқарма құзырына қарағаны белгілі. Исламдық фактордың белсенділігі компартиялық биліктің өзін бұқара арасындағы идеологиялық ықпалын әлсіретеді деп қауіптендірді. Енді партия исламға қатал түрде саясатқа кіреседі.

1923 жылы РКП (б) XII съезде «Дінге қарсы үгіт-насихат туралы» қаулысында: Одақ республикаларындағы 30 млн мұсылман халқына назар аударуымыз керек. Оларда орта ғасырдан бері діни қалдықтар мызғымастан әлі күнге дейін сақталып келеді, оның контрреволюциялық мақсатта қолданылу қаупі бар. Сондықтан әртүрлі ұлттың ерекшелігін ескере отырып, діни қалдықтарды жоюдың түрлері мен әдіс-тәсілдерін жасау қажет деп көрсетілді [10, 64 б].

1926 жылы КазКСР-дегі мұсылмандар дініне қарсы насихат туралы тезистерде шаманизм қалдықтарының олардың өмірінде үлкен маңыз алып отырғаны ескертіледі. «Ислам таптық езушілік құралы, байларға қызмет етеді» деп теріс айдар тағылды. Сондықтан мұсылмандардың арасында үгіт насихат барлық деңгейде жүргізілуі тиіс деп белгіленді. Осы тектес құжаттардан большевиктердің дінге қатысты, әсіресе мұсылмандарға қатаң позицияда болғанын аңғару қиын емес.

Коммунистік партияның дінге қатысты саясатының астары туралы Н.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде тоқталып өтеді: «Қазақтың бүкіл тарихы, әсіресе діни тарихы өлтіре сынға алынды» дей келе, «біздің тарихтың Ресей империясының территориялық ауқымындағы көшпелі және одан кейінгі кезеңіне тән. Онда мемлекеттік дін ретінде православие тықпаланды, одан кеңес тарихы кезінде атеизм бел алды» деп, бұған назар аударады [11, 184 б]. Жалпы, кеңес мемлекетінің идеологияландыру саясатының бір жағы халықты діннен аластату әрекетімен тығыз байланысты.' Сондықтан бұл мәселе терең зерттелуі керек деп ойлаймыз.

Айтылған ойымызды түйіндейтін болсақ, Кеңес өкіметінің Қазақстандағы мұсылман дініне қарсы жүргізген саясатының өзіндік ерекшеліктер мен заңдылықтары бар. Кеңес өкіметінің құрамды бөлігі ретінде кеңестік Қазақстанда да орталықтағыдай іс жүзіне асырылғанына толық кәз жеткіздік. Тұтастай алғанда, тоталитарлық кеңестік жүйенің өзіндік ерекшеліктері, әсіресе, пролетариаттың мүддесінен келіп туындайтын екі басты сипаттының белгісі: таптық теория мен материалистік тұрғыда дінді жоққа шығару, яғни атеизм болғаны белгілі. Социалистік құрылысты орнықтыру үшін осы 2 негізгі мәселені шешу керек болды. Ал марксизм-ленинизм атеизмді мемлекеттік дәрежеде саясатқа айналдыруға байланысты, діни қатынастар мен нанымдар кеңес мемлекетінің идеологиялық негіздеріне қарама-қайшы келді. Марксизм негізіндегі атеизмге идеологиялық сипат берген большевиктер социализм құрылысының басты

кедергісі -дін деп есептеп, оған қарсы шықты. Осы жерде айту керек, XIX ғасырдың ортасында ортағасырлық теологияны сынайтын марксизм негізінен ғылыми-сыни бағыт болса, кеңестік кезеңде марксизм-атеизмге идеологиялық үстемдік беріліп, дінге қарсы күресте құралға айналдырылған болатын.

Литература:

1. Амантурлин Ш.Б. Пред рассудки и суеврия, их преодоления. А., 1985; Акназаров Х.З. Проникновегние ислама в Казахстан, его эвалюция и пути преодоления. А., 1973; Шулембаев К.Ш. Маги, боги и действительность. А., 1975; Шулембаев К.Ш. Образ жизни. Религия Атеизм.А., 1983; Сегизбаев О.А. Традиции свободомыслия и атеизм в духовной культуре казахского народа. А., 1973;
2. Лупарев Г.П. Отделения церкви от государства: советские и постсоветские религии.// Мысль. 1995, №11; Султангалиева А. Ислам в Казахстане.// Восток. 1994, №3; Абусейто К., Лаумулин М. Казахи и ислам, // Азия. 1993, №3; Михайлов в. Большевицкий штурм религии. // азия. 1993, №41;
3. Атеистический словарь. М.Политиздат, 1985, стр32-34.
4. К.Маркс, Ф.Энгельс. Шығармалар. 3-том. 632 бет.
5. Ленин.В.И. Сочинение, том 10, стр 71-72.
6. О религии и церкви. Сб. М., 1981, стр. 24.
7. Троцкий Л.Д. К истории Русской революции. М., 1990, стр. 192.
8. Луначарский А.В. Почему нельзя верит в бога. М., 1965, стр. 287.
9. Из обращения СНК РКФСР ко всем трудящимся мусульманам России и Востока. Декреты Советской власти. М, том 1,1957, сгр 273.
10. Коммунистическая партия Советского Союза в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1898-1986). М, 1917-1922 гг. 1983, том 2.стр 237.
11. Нуртазина.Н. Казак мәдениета және Ислам. (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу.) А, 2002, 180-181 бб.
12. Н.Назарбаев. Тарих толкынында.А.Атамура. 1999. 202-б.

Рецензент: д.и.н., профессор Батырбаева Ш.Д.